

2017 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 669 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 525 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2017 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-қосымшада:

"І. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар" деген бөлімде:

"Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" деген 1-функционалдық топта:

мына:

"

245	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	461
		799
006	Жоғарғы деңгейдің домендік атаулары серверлерінің істен шығуға қарсы тұруын қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингінің ақпараттық жүйесін құру	461
		799
	оның ішінде инвестициялық жобалар:	
	Өзгелер	461
		799
	Жоғарғы деңгейдің домендік атаулары серверлерінің істен шығуға қарсы тұруын қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингінің ақпараттық жүйесін құру	461
		799

"

деген жолдар алып тасталсын;

"Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" деген 3-функционалдық топта:

мына:

"

410		Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Республикасы	700 000
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы		700 000
		оның ішінде инвестициялық жобалар:		
		Өзгелер		700 000
		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы		700 000

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

410		Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Республикасы	1 161 799
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы		1 161 799
		оның ішінде инвестициялық жобалар:		
		Өзгелер		1 161 799
		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы		1 161 799

"

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, тиісті жылға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізсін.

4. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 23 қазандағы
№ 669 қаулысына
қосымша

2017 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

МЫҢ ТЕҢГЕ

Функционалдық топ	Әкімші	Атауы	Өзгерістер (+/-)
	Бағдарлама		
		II. Шығындар	0
12		Көлік және коммуникациялар	
245		Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	-2 134 071
	002	"Электрондық Үкіметті", инфокоммуникациялық инфрақұрылымды және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту	-1 672 272

1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	
	245	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	-461 799
	006	Жоғарғы деңгейдің домендік атаулары серверлерінің істен шығуға қарсы тұруын қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингінің ақпараттық жүйесін құру	-461 799
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	
	410	Қ а з а қ с т а н Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Р е с п у б л и к а с ы 2 134 071
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1 672 272
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	461 799

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК